

Тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2065 жылғы 08 қаңтардағы № 3 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 03 ақпанда № 4377 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 30 қаңтардағы № 22 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 30.01.2025 № 22 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына, "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 9 қаңтардағы Заңының 7-бабы 5-тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған тауарлық және сұйытылған мұнай газын тұтыну нормалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2016 жылғы
"8" қаңтардағы № 3
қаулысына қосымша

Тауарлық газды тұтыну нормалары

p/c №	Газ тұтыну сипаттамасы	Тұтыну бірлігі	Газ тұтыну нормасы
1	Пәтерде газ плитасы және орталықтандырылған ыстық сумен жабдықтау болған кезде	1 адамға айна текше метр	9,74
	Пәтерде газ плитасы және газ су қыздырғыш		

2	болған кезде (орталықтандырылған ыстық сүмен жабдықтау болмаған кезде)	1 адамға айна текше метр	24,09
3	Пәтерде газ плитасы болған және орталықтандырылған ыстық сүмен жабдықтау мен газ су қыздырғыш болмаған кезде	1 адамға айна текше метр	14,35
4	Тұрғын үйлерге дербес жылу беру	1 адамға айна текше метр	324

Сұйытылған мұнай газын тұтыну нормалары

p/c №	Газ тұтыну сипаттамасы	Тұтыну бірлігі	Газ тұтыну нормасы
1	Пәтерде газ плитасы және орталықтандырылған ыстық сүмен жабдықтау болған кезде	1 адамға айна килограмм	4,57
2	Пәтерде газ плитасы болған және орталықтандырылған ыстық сүмен жабдықтау болмаған кезде	1 адамға айна килограмм	5,07
3	Пәтерде газ плитасы және газ су қыздырғыш болған кезде	1 адамға айна килограмм	9,08

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК